

Қазақстан Республикасының аңшы куәлігін беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2004 жылғы 19 қарашадағы N 246 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 13 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3274. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 301 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 301 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

2004 жылғы 9 шілдедегі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аңшы куәлігін беру ережесі бекітілсін .

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасының орынбасары Н. А. Хадыркеевке жүктелсін .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман және аңшылық
комитеті төрағасының
2004 жылғы 19 қарашадағы
N 246 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының аңшысы куәлігін беру ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының аңшысы куәлігін берудің осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аңшы куәлігін берудің, дайындаудың, есепке алудың және сақтаудың тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының аңшы куәлігі (бұдан әрі - аңшы куәлігі) Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) аң аулау құқығын куәландыратын құжат болып табылады және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша аңшылық минимумның арнайы бағдарламасы бойынша (бұдан әрі - аңшылық минимумы) емтихан тапсырған және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мемлекеттік баж төлеген жеке тұлғаларға беріледі.

2. Аңшы куәлігін беру тәртібі

3. Аңшы куәлігі (1-қосымша) тұрғылықты жер бойынша 10 жыл мерзімге беріледі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық басқармасының (бұдан әрі - аумақтық басқарма) тиісті жылға аң аулау құқығына рұқсат беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасы белгілеген мемлекеттік баждың төленгені туралы белгісі болмаса, аңшы куәлігі жарамсыз деп танылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің 2007 жылғы 12 шілдедегі N 231 бұйрығымен.

4. Аңшы куәлігімен бір мезгілде аңшыны есепке алу карточкасы толтырылады (2-қосымша) және аңшылық минимумы бойынша және мемлекеттік баж төленгені жөнінде белгі қойылады және аңшы куәлігі қолданыста болу мерзімі ішінде сақталатын аңшының жеке ісі қалыптастырылады.

5. Аңшы куәлігін алу үшін жеке тұлғалар тұрғылықты жері бойынша аумақтық басқармаға сауалнама-өтініш ұсынады (3-қосымша). Өтінішке:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (азаматтығы жоқ және шетел азаматтары үшін - төлқұжатының және Қазақстан Республикасының аумағына келуінің заңдылығын растайтын құжаттың көшірмесі);

2) өтініш берушінің өзі көрсеткен тұрғылықты жері бойынша тұратынын (тіркелгенін) растайтын құжат;

3) Қазақстан Республикасының салық төлеушісі куәлігінің көшірмесі;

4) көлемі 3x4 фотосурет (түрлі-түсті) - 3 дана;

5) аңшылық минимумы жөніндегі курсты бітіргені туралы құжаттың көшірмесі қоса тіркеледі.

6. Аумақтық басқарма 10 күн ішінде сауалнама-өтінішті қарайды және өтініш берушіге аңшылық минимумы бойынша емтиханға жіберу (не жіберуден дәлелді бас тарту туралы), күні мен оның өткізілетін жері туралы хабарлайды.

Емтихан өткізудің күні сауалнама-өтініш берілген күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей тағайындалады.

7. Өтініш берушілер аңшылық минимумы бойынша емтихан тапсырғанға дейін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекітетін аңшылық минимумы бағдарламасы бойынша д а я р л ы қ к у р с ы н а н ө т е д і .

Уәкілетті орган аңшылық минимумы бағдарламасы бойынша курсты ұйымдастырушыны конкурстық негізде айқындайды.

8. Аңшылық минимумы бойынша емтихан жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, жабайы жануарлардың биологиясы, аңшылық қаруды және басқа аулау құралдарын, аң аулайтын иттер мен қыран құстарды ұстау мен пайдалану саласындағы заңнама мәселелерін қамтитын уәкілетті орган бекіткен тестілік тапсырмалар бойынша тестілеу әдісімен жүргізіледі.

9. Аңшылық минимумы бойынша емтихан қабылдауды аумақтық басқарма бастығының бұйрығымен аумақтық басқармалар жанында құрылатын кемінде үш адамнан тұратын тұрақты түрде жұмыс істейтін емтихан алу комиссиялары жүзеге асырады. Емтихан алу комиссиясының төрағасы болып жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелерімен айналысатын аумақтық басқарма бастығының орынбасары не осы басқарманың тиісті бөлімшесінің басшысы тағайындалады. Емтихан алу комиссиясының құрамына (келісім бойынша) жергілік өкілді органдардың, ішкі істер органдарының, аңшылардың қоғамдық ұйымдарының өкілдері және басқалар кіруі мүмкін.

Емтихан нәтижелері бойынша құжаттар қабылдауды және ресімдеуді аумақтық басқарманың штат қызметкерлері қатарынан тағайындалатын емтихан алу комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

10. Өтініш беруші бір сағат ішінде 25 тестілік сұрақтардың 20-сына дұрыс жауап берген жағдайда емтихан нәтижесі оң деп есептеледі. Бес қатеден асқан жағдайда емтихан тапсырылмаған болып есептеледі және өтініш беруші емтиханды қайтадан тапсыруға жіберіледі.

Емтиханды қайтадан тапсыра алмаған жағдайда өтініш берушіге осы Ереженің 5-тармағында белгіленген тәртіппен аңшы куәлігін алуға бір жылдан кейін өтініш беру мүмкіндігі беріледі.

Аңшы куәлігін беруді аумақтың ерекшелігі мен аңшылық алқаптардың көлеміне қарай, бастықтың бұйрығымен тағайындалатын аумақтық басқарманың жауапты тұлғасы (бұдан әрі - аумақтық басқарма өкілі) емтихан тапсырғаннан

кейін 10 күннен кешіктірмей жүргізеді.

Аумақтық басқарма өкілінің қолы арнайы мөрмен куәландырылады.

Емтихан алу комиссиясының хаттамасы (4-қосымша) аңшы куәлігін беруге негіз болып табылады.

11. Егер аңшы куәлігі өзінің қолданыста болу мерзімі аяқталғанға дейін жоғалса немесе жарамсыз болса, аңшы куәлігінің дубликатын беру аңшының есепке алу карточкасының негізінде жүргізіледі.

Аңшы куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталған кезде жаңа аңшы куәлігін беру осы Ереженің 6-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің 2007 жылғы 12 шілдедегі N 231 бұйрығымен.

12. Аңшыларды есептен шығару және есепке қою олар аңшы куәлігі берілген әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) аумағынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге көшкен кезде жүргізіледі. Бұл жағдайда аңшы жаңа тұрғылықты жерге келген күннен бастап 30 күн ішінде жаңа тұрғылықты жері бойынша аумақтық басқармаға есепке тұруы қажет. Бұл ретте тиісті аумақтық басқарма аңшының өзі тіркелген бұрынғы орнынан кеткені туралы белгісі бар есепке алу карточкасының түпнұсқасын және оның жеке ісін сұратады. Аңшының бұрынғы тіркелген жері бойынша аумақтық басқармада аңшыны есепке алу карточкасының және есепке алу карточкасы мен жеке істің түпнұсқасын жаңа есепке алу жері бойынша қайта салу туралы белгісі бар және оларды қайта салудың негізі көрсетілген ілеспе хаттың көшірмесі сақталады.

Аңшының әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегіндегі тұрғылықты жері өзгерген кезде, сондай-ақ аңшы куәлігі мен есепке алу карточкасында көрсетілетін басқа да деректер өзгерген кезде аңшы болып өткен өзгерістер туралы өзі есепке алынған жері бойынша хабарлайды.

3. Аңшы куәлігін дайындау, сақтау, есепке алу және есептен шығару тәртібі

13. Аңшы куәлігінің бланкілерін және аңшыны есепке алу карточкасын аумақтық басқарманың өтінімі бойынша уәкілетті орган орталықтандырған түрде дайындайды. Аңшы куәлігінің бланкілерінде баспаханалық тәсілмен қойылған нөмірлер болады және олар қатаң есептілік құжаттары ретінде, сенімді жабылатын металл шкафтарда (сейфтерде), олардың сақталуын қамтамасыз ететін үй-жайларда сақталады.

14. Аңшы куәлігін беру арнайы журналда тіркеледі (5-қосымша), ол аңшы куәлігі бланкілерінің қозғалысын есепке алу үшін негіз болып табылады.

15. Аңшы куәлігі бланкілері мен аңшыны есепке алу карточкаларын уәкілетті орган акт бойынша аумақтық басқармаға береді. Аңшы куәлігін беруді жүзеге асыратын аумақтық басқарманың жауапты адамы аумақтық басқарманың бухгалтерлік есеп қызметіне аңшы куәлігі бланкілерінің қозғалысы туралы тоқсан сайын, белгіленген тәртіппен есеп береді.

16. Аңшы куәлігі бланкілерін есептен шығару қатаң есептілік бланкілерін есептен шығару үшін белгіленген тәртіппен, олардың аңшыларға берілуіне қарай жүргізіледі.

17. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аң аулау құқығынан айрылған аңшылардан алынған аңшы куәлігін, сондай-ақ куәліктің бүлінген бланкілерін қатаң есептілік бланкілері үшін белгіленген тәртіппен, аумақтық басқару комиссиясы жоюға тиіс.

18. Аумақтық басқарма тоқсан сайын және есепті жыл нәтижелері бойынша уәкілетті органға аңшы куәлігі бланкілерінің қозғалысы туралы есеп береді.

Қазақстан Республикасының
аңшы куәлігін беру ережесіне

1-қосымша

Қазақстан Республикасының аңшы куәлігі

Аңшы куәлігінің мұқабасы
(көлемі 105x80 мм, түсі жасыл, жазбасы қою
сары түсті, қысып басу әдісімен жасалады)

| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
| АҢШЫ КУӘЛІГІ

Куәлік бланкісінің 1-парағы
(мұқабаның ішкі бетінің сол жағына желімденеді)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ОРМАН ЖӘНЕ АҢШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КОМИТЕТІ

№ _____ аңшы куәлігі

| _____ |
| 3 x 4 см | _____ (тегі)

| фотосуретке | _____
| арналған орын | _____ (аты, әкесінің аты)

| _____ | Туған күні " _____ " _____ ж.

М.О.

Аңшы өтілі _____ ж.

Куәлікті берген _____
(облыстық орман және аңшылық шаруашылығы
аумақтық басқармасының атауы)

_____ (куәлікті берген лауазымды тұлғаның қолы және аумақтық
басқарманың арнайы мөрі)
Аңшылық минимумын тапсыру туралы белгі _____
(емтихан алу комиссиясы

_____ хаттамасының нөмірі мен күні)
Куәлік 20__ж. " __ " _____ берілді, 20__ж. " __ " _____ дейін жарамды.
2-парақ

АҢШЫЛЫҚ СУЫҚ ҚЫЛЫШ ҚАРУДЫ ТІРКЕУГЕ АЛУ

Қарудың атауы	Нөмірі	Сатушы ұйымның белгісі

АҢ АУЛАЙТЫН ИТТЕРДІ, ҚЫРАН ҚҰСТАРДЫ ТІРКЕУГЕ АЛУ

Тұқымы (түрі), түсі, сақина, микрочип нөмірі	Туған күні тіркеу құжаты, паспорты	Иттің ветеринарлық жібери туралы белгі, қыран құсты ұстау мерзімі

3-парақ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ БЕЛГІ

Есепке алынды|Есептен шығарылды|Тұрақты тұратын жерінің мекен-жайы

4-парақ
(куәлік мұқабасының ішкі бетінің оң жағына желімденеді)
Билет

"__" _____ 20 __ ж. "__" _____ 20 __ ж. "__" _____ 20 __ ж.
"__" _____ 20 __ ж. "__" _____ 20 __ ж. "__" _____ 20 __ ж.
"__" _____ 20 __ ж. "__" _____ 20 __ ж. "__" _____ 20 __ ж.

дейін ұзартылды.

Қазақстан Республикасының
аңшы куәлігін беру ережесіне

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы
министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің 2007 жылғы 12
шілдедегі N 231 бұйрығымен.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ОРМАН ЖӘНЕ АҢШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КОМИТЕТІ**

_____ облыстық орман және аңшылық шаруашылығы
(атауы) аумақтық басқармасы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҢШЫСЫНЫҢ
ЕСЕПТІК КАРТОЧКАСЫ**

Тегі _____
Аты _____ Әкесінің аты _____
3 x 4 см | Туған күні "____" _____ ж.
| фотосуретке | Жеке куәлігі/төлқұжаты/ _____
| арналған орын | СТН _____
| _____ | Үйінің мекен-жайы, телефоны _____

М.О. _____ Аңшының өтілі 20__ж. бастап.

Аңшының куәлігі N _____

"__" _____ 20 __ ж. берілді.

Аңшылық минимумы бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгі
(емтихан алу комиссиясы хаттамасының нөмірі және күні)

Уәкілетті лауазымды

адамның қолы және мөр _____

ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕР

1. Аңшылық қарудың болуы туралы мәліметтер

Түрі	Маркасы	Калибрі	Шығарылған жылы	Зауыттық нөмірі	Өзгелер

2. Аң аулайтын иттерді, қыран құстарды тіркеуге алу

Тұқымы (түрі),|Туған|Иттің ветеринарлық| Итті аң аулауға жіберу
түсі, сақина, |күні | тіркеу құжаты, |туралы белгі, қыран құсты
микрочип нөмірі| | паспорты | | ұстау мерзімі

3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны туралы белгі

Аңшы куәлігі:

"__" _____ 20 __ж. "__" _____ 20 __ж. "__" _____ 20 __ж.
"__" _____ 20 __ж. "__" _____ 20 __ж. "__" _____ 20 __ж.
"__" _____ 20 __ж. "__" _____ 20 __ж. "__" _____ 20 __ж.

дейін ұзартылды.

ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ БЕЛГІ

Есепке алынды|Есептен шығарылды|Тұрақты тұратын жерінің мекен-жайы

Сырт жағы

Қазақстан Республикасының
аңшы куәлігін беру ережесіне

3-қосымша

САУАЛНАМА-ӨТІНІШТІҢ НЫСАНЫ
САУАЛНАМА

| _____ |
| 3 х 4 см | _____ (тегі)
| фотосуретке | _____

|арналған орын| _____ (аты, әкесінің аты)

|_____ | Туған күні "____" _____ ж.

М.О.

Азаматтығы _____

Жеке куәлігі/төлқұжаты _____

СТН _____

Үй мекен-жайы, телефоны _____

(облыстық орман және аңшылық шаруашылығы

бастығына

аумақтық басқармасының атауы)

ӨТІНІШ

Белгіленген тәртіппен _____

аңшы куәлігін (аңшылық билетін) берген ұйымның

_____ берген қолда бар N _____

_____ атауы және берген күні)

аңшы куәлігінің (аңшылық билетін) орнына Қазақстан Республикасының

аңшы куәлігін (аңшылық билетін) беруіңізді/ ауыстырып беруіңізді

өтінемін.

Қ о с ы м ш а :

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (азаматтығы жоқ және шетел азаматтары үшін - төлқұжатының және Қазақстан Республикасының аумағына келуінің заңдылығын растайтын құжаттың көшірмесі);

2) _____

(сауалнамада көрсетілген мекен-жайы бойынша өтініш

_____ берушінің тұрғылықты жерін (тіркелуін) растайтын құжат)

3) Қазақстан Республикасының Салық төлеушісі куәлігінің көшірмесі ;

4) мөлшері 3 x 4 см фотосурет (түрлі түсті) - 3 дана;

5) аңшылық минимумы жөніндегі бағдарламаның курсың өткені туралы құжаттың көшірмесі.

Өтініш берушінің қолы _____ / _____ /

(Т . А . Ж .)

Күні "____" _____ 20 ____ ж.

Өтінішті қабылдадым _____
(Өтінішті қабылдаған тұлғаның Т.А.Ж, лауазымы, қолы)
Күні " ___ " _____ 20__ ж.

1. Аңшылық минимумы жөніндегі бағдарламаның курсы өткені
т у р а л ы б е л г і

Аңшылық минимумы жөніндегі бағдарламаның курсы 20__ ж. "___" _____
бастап 20__ ж. "___" _____ аралығында өтті.
Курс аяқтағаны туралы құжат 20__ ж. "___" _____ берілді.
Курсты өткізуші ұйым басшысының қолы _____

(Т.А.Ж.)
Күні 20__ ж. "___" _____ М.О.

2. Емтиханға жіберілгені туралы белгі

Емтиханға _____
(жіберілді/жіберілген жоқ)
Емтихан тапсыруға жіберуден бас тарту негіздемесі _____

Лауазымды адамның қолы _____ / _____
Күні 20__ ж. "___" _____ М.О.

Емтиханды қайтадан тапсыруға _____
(жіберілді/жіберілген жоқ)
Емтиханды қайтадан тапсыруға жіберуден бас тарту негіздемесі _____

Лауазымды адамның қолы _____ / _____
(Т.А.Ж.)
Күні 20__ ж. "___" _____ М.О.

3. Емтихан нәтижелері туралы белгі

Тест тапсырмасының нөмірі _____ | Емтиханның нәтижесі:
Емтихан нәтижелері: _____ | Емтихан _____
дұрыс жауаптар _____ | (тапсырылды/тапсырылған жоқ)
(жауаптар саны) | Емтихан комиссиясының хатшысы

бұрыс жауаптар _____ | _____
(сұрақтар саны) | (Т.А.Ж., қолы)
жіберілген қателіктер _____ | Күні 20 __ ж. "___" _____
(сұрақтар саны) | _____

Тест тапсырмасының нөмірі _____ | Қайта тапсырылған емтиханның
Емтихан нәтижелері: _____ | нәтижесі:
дұрыс жауаптар _____ | Емтихан _____
(жауаптар саны) | (тапсырылды/тапсырылған жоқ)
бұрыс жауаптар _____ | Емтихан комиссиясының хатшысы
(сұрақтар саны) | _____
жіберілген қателіктер _____ | (Т.А.Ж., қолы)
(сұрақтар саны) | Күні 20 __ ж. "___" _____

Қазақстан Республикасының
аңшы куәлігін беру ережесіне

4-қосымша

**Аңшылық минимумы бойынша емтихан
қабылдау жөніндегі**

(облыстық орман және аңшылық шаруашылығы

аумақтық басқармасының атауы)

емтихан алу комиссиясының
20 __ жылғы "___" _____ N _____

Х А Т Т А М А С Ы

N | Емтихан тапсы- | Тест | Жауаптардың нәтижелері | Емтихан бойынша
р/с | рушының тегі, | тапсыр- | _____ | қорытынды
| аты, әкесінің | масының | Дұ- | Бұрысы | Жіберілген | (тапсырылды/
| аты, оның үйі- | нөмірі | рысы | қателер | тапсырылған жоқ)
| нің мекен-жайы | | | | |

1 2 3 4 5 6 7

Е м т и х а н а л у

комиссиясының төрағасы _____
 қолы (Т.А.Ж.)

Комиссия мүшелері: 1. _____
 қ о л ы (Т . А . Ж .)

2. _____
 қолы (Т.А.Ж.)

Комиссия хатшысы _____
 қолы (Т.А.Ж.)

Қазақстан Республикасының
 аңшы куәлігін беру ережесіне

5-қосымша

**Қазақстан Республикасының
 аңшысы куәлігін беру
 ж у р н а л ы**

(облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық
 басқармасының атауы)

N р/с	Аңшының тегі, аты, әкесінің аты	Тұрақты тұратын	Емтихан алу комиссиясы	Аңшы куәлі- туралы	Алғаны қолы
			жерінің мекен-жайы	хаттамасының нөмірі және	гінің нөмірі
				к ү н і	
1	2	3	4	5	6

О б л ы с т ы қ а у м а қ т ы қ
 басқарма бастығының қолы _____
 (қолы) (Т.А.Ж.)

М.О.
 " ____ " _____ 20 __ ж.